

«Ерекше бала-болашақ дана» мамандар апталығы

Анықтама

«Рауан» инклюзивті балабақшасында 24-28 ақпан аралығында педагог-мамандардың «Ерекше бала-болашақ дана» тақырыбында апталық өтілді.

Мақсаты: балабақшадағы ерекше баламен жүйелі жұмыстарды үйлестіру, ата-ана мен балабақша байланысын нығайту, позитивті психологиялық атмосфераны құру, ата-аналар арасындағы қарым-қатынасты үйлестіру, педагогтар арасында психозмоционалды шиеленісті жою.

Өткізу түрі: ата-анамен, педагогтармен, тех.қызметкерлермен жұмыс, тәрбиеленушілермен жеке және топтық жұмыстар.

- слайд сабақтар;
- тамаша көңіл-күй жиынтығы;
- психологиялық тренинг-ойындар, ойыншықтармен ойындар;
- сурет салу;
- ертегі терапиясы;
- көлеңкелі театр

Дүйсенбіде «Ерекше бала-болашақ дана» апталығының ашылуы.

Мамандар аптаның алғашқы күнін «Көлеңкелі театр» қойылымымен бастады. Негізгі мазмұны – баланың қауіпсіз ортада, толыққанды дамуын көрсету. Апталықтың ашылуын балабақша меңгерушісі Л.Сейтова ашып беріп педагог-мамандарға сәттілік тіледі. Одан әрі педагогтардың көңіл-күйін көтеру мақсатында педагог-психолог маман Б.Қалиеваның «Біз біргеміз-берік іргеміз» тренингі жалғасын тапты. Тренинг барысында «Ең жақсы.....», «Қарандаш», «Үй, адам, жер сілкінісі», «Жақсы тілек» ойындары өткізілді. Педагогтар жақсы көңіл-күйде таркасты.



Сейсенбі күні «Сиқырлы С дыбысы», «Көңілді тіл» логопед мамандары күні

Аптаның екінші күні балабақша логопед маманы М.Усербаева «Сиқырлы С дыбысы» тақырыбында МАД тобы ата-аналарымен топтық жұмыс жүргізді. Мақсаты: «С» дыбысы мен әріпін таныстыру. Артикуляциялық жаттығуларды дұрыс жасауға үйрету. Ойын арқылы сөздік қорын дамыту. Үсақ қол моторикасын дамыту. Ата-аналар мен балалар шаттық шеңберде тұрып ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне дайындық жүргізді. Балалармен бірге ата-аналар дыбыстық жаттығулар, артикуляциялық жаттығулар орындады. Экраннан сағат, сәбіз, сөмке, сандық суреттері көрсетіліп, балаларға суретпен жұмыс ұсынылды. «С» дыбысы таныстырылды. Сұрақ-жауаптар алмасты. «С» дыбысын буындарда машықтандырды. Одан кейін тыныс алу жаттығуларын бизиборд арқылы жасап шықты. Келесі «Сиқырлы қып» ойынында балалар сипап-сезу арқылы заттарды тауып атады. «Сиқырлы С дыбысы» кезені бойынша С дыбысынан басталатын сөздерді айтқанда қол шапалақтайды, егер басқа дыбыстан басталса тыныш отырады. Балалар тапсырманы сәтті орындап шықты. Оқу қызметі соңында ата-аналарды «Супер сертификат» қағазымен мадақтады. Кері байланыс жасалы. Ата-аналар алғыстарын білдірді.

Келесі «Көңілді тіл» тақырыбында логопед маман Ү.Берекетова өзінің жеке баламен жұмыс барысын көрсетті. Мақсаты: ертегі арқылы артикуляциялық жаттығулар жасау. Жеке баламен жұмыста арнайы ересек тобының тәрбиеленушісі 4 жаста Орынбасар Нұрхат болды. «Түстер» тақырыбында түстерді ажырату тапсырмасын, есте сақтау мен зейін тұрақтандыруда «Қасықпен тасымал» тапсырмасын орындатты. Нейрогимнастика бағытында экраннан жаттығулар орындады. «Көңілді тіл» ертегісі арқылы бала артикуляциялық жаттығуды қызықты жасап шықты. Баланы мадақтау арқылы оқу қызметін аяқтады.





Сәрсенбі күні «Ойнайық та дамиық», «Нейрожаттығу» педагог-дефектолог мамандары күні

Аптаның үшінші күні балабақша дефектолог маманы А.Қанат «Эмоция» тақырыбында ата-анамен жұмыс көрсетті. 3 жастағы Бекежан Ясина мен ата-анасы. Мақсаты: бала бойындағы эмоцияны дұрыс шығара білу. Ата-анасымен жұптасып жұмыс көрсету. «Бала бойындағы эмоцияны шығару не үшін маңызды?» слайд арқылы түсініктеме берді. Эмоцияны шығаратын қимыл-қозғалыс ойындарын өтті. «Шар жару» ойыны. Мақсаты: баланың қол бұлшықеттерін дамыту. Шардың ішіндегі суды қолмен массаж жасай отырып жару. Сонда эмоциясын дұрыс шығарады.

Одан кейін «Пішіндер сөйлейді» топтық жұмыс жасалды. 4 тәрбиеленуші қатысты. Ою-өрнектерден жасалған түрлі-түсті кубиктер. Мақсаты: пішіндермен танысып, түстерді ажыратуды үйрету. Шарты бойынша пішіндерден секіріп отырып алдында тұрған тапсырмаларды орындайды. Музыкалық сергіту сәтін өткізді. Балалар қызықты орындайды.

Дефектолог маман А.Торбек ата-анамен жұптық жұмыс көрсетті. Тақырыбы: «Доппен қимыл-қозғалыс» ойыны. Қатысушы «Құлыншақ» тобының тәрбиеленушісі 5 жастағы Е.Қасқырбай. Мақсаты: аяқ-қол бұлшықетін дамыту, қимыл қозғалысын жетілдіру. Ойынның шарты бойынша анасымен бала бір-біріне қарама-қарсы тұрып допты алмастыра беру арқылы оң мен солды ажырата білуді үйренеді.

«Нейрожаттығу» топтық жұмыс. Мақсаты: мидың оң жақ және сол жақ жартышарларының үйлесімді жұмыс жасауын жақсартады. Ұсақ және ірі моториканы дамытады. Топтық жұмыста 4 тәрбиеленуші «Энергетикалық блокпен жұмыс» тапсырмасын орындайды. Шарты бойынша балалар екі-екіден бөлініп шеңбер ішінде етпетінен жатады. Допты шеңбердің оң жағынан сол жағына оң, сол қол арқылы тасымалдайды. Содан кейін қолды тізбектеу арқылы қимыл қозғалыс жаттығуларын жасады. Балаларды тәттілер арқылы смайликпен бағалады.



Бейсенбі күні «Әуенді-ырғақты қимылдар» музыка жетекшісі күні

Аптаның төртінші күні балабақшамыздың музыка жетекшісі Б.Талғатова техникалық қызметкерлермен «Әуенді-ырғақты қимылдар» тақырыбында музыкалық тренинг өтті. Мақсаты: ұжымдық көңіл-күйді көтеру, стресстен арылту. Шарты бойынша «Секіртпек» ойынында жердегі оюлы кубикті лақтырып түстерден секіре отырып жазылған тапсырманы орындады. Одан соң біртұтас тәрбиеге байланысты соқпалы аспаптар көмегімен «Оркестр» ойнатылды. «Кәмпиттер» ойынында түрлі-түсті тәттілермен ән айтып би биледі. Сергіту сәтінде «Менімен биле» биін орындап шықты. «Кім жылдам?» ойынын екі командаға бөліне отырып стакандар үстіндегі тәттілерді жылдам ауыстырады. Келесі кезең бойынша «Кім тапқыр?» ойынын қолындағы түтікше арқылы жұмбақтың жауабын тауып, стол үстіндегі шашылып жатқан әріптерді жинап орнына қою керек. Соңында «Ұрмалы, үрмелі, соқпалы» аспаптар көмегімен топтық оркестр

ойнап шықты. Техникалық қызметкерлер барлық тапсырмада белсенділік танытып, көңілді орындал шықты.



Жұма күні «Мақта қыз бен мысық» ертегі терапиясы мамандар күні Апталықты қорытындылау

Мектеп жасында дейінгі балаларға ертегі терапиясы өте маңызды әрі қызықты болмақ. Апталықтың соңғы күнінде мамандар бірлесе отырып «Мақта қыз бен мысық» ертегісін сахналап шықты. Мақсаты: балалардың бойына ертегінің жағымды жактарын сіңіре білу, адалдықты, достық қарым-қатынасты түсіндіру. Балабақша тәрбиеленушілерін екі топқа бөліп ертегіні сомдап шықты. Балаларға ертегі ұнады.

Ертегі терапиясын аяқтап апталықты қорытындылады.

Бір апта бойы өз жұмыстарын көрсеткен мамандарға балабақша ұжымы алғыстарын айтып алдағы жұмыстарына сәттілік тіледі. Жыл сайын өткізілетін балабақшамыздағы мамандар апталығы биылғы жылы да жүйелі жұмыстарын көрсетіп сәтті қорытындылады.

Ертегі барысынан.....



Ертегі кейіпкерлері

